

**«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында
дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық
қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбына жазылған
Нурекешов Талап Кайратұлының диссертациясына**

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Нурекешов Талап Кайратұлының «Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысындағы зерттеулердің негізгі өзектілігі дәстүрлі энергия ресурстарының азаюы, энерготұтыну құрылымының өзгеруі және электроэнергияға тұтынушылықтың өсуінен оларға әлемдік бағаның шарықтауы мәселелерімен анықталады. Қазақстанда энергетика саласы елдің әлеуметтік – экономикалық өмірінің жетекші буындарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы елеулі көлемде энергияны алып жүрушілерді экспорттау есебінен дамып келеді.

Энергетиканы дамыту мен Қазақстанның экологиялық мәселелерін шешудің басым бағыттарының бірі жаңартылған энергия көздерін пайдалану және энергия және қорды үнемдеу бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады. Біздің мемлекетіміздің алған бағыты бағдарламалық – саяси құжаттарда айқын көрсетілген. «Қазақстан-2030» стратегиясында энергия көздерінің мол қорын иеленуші Қазақстанның энергетикалық ресурстарын ұтымды пайдалану - елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарының бірі екендігі көрсетілген. Мысалы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіп революциясы жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауында былай деп атап көрсетіледі: «Кәсіпорындардың энергия нәтижелілігі мен энергия үнемдеуіне қойылатын талаптар күшейтілуі, сондай – ақ энергия өндірушілердің өздерінің жұмысының экологиялылығы мен нәтижелілігі маңызды».

«Жасыл экономикаға» көшудің негізгі бағыты су ресурстарын тұрақты пайдалану, өнімі жоғары әрі тұрақты ауыл шаруашылығын дамыту, энергия үнемдеу және оның тиімділігін арттыру, электр энергетикасын дамыту, қалдықтар айналымын басқару жүйесін дамыту, ауаның ластануын азайту және экожүйелерді сақтау және тиімді реттеуді жүзеге асырады. Осы тұжырымдамаға сәйкес, Елбасы осы таңдалған бағытты электроэнергия саласын жаңарту және инновациялық дамытуды жалғастыруға ұсыныс берді. Бұл жерде энергетикалық ресурстарды қайта өңдеу саласындағы ынтымақтастықта шикізат беруді азайта отырып, оны жаңа технологиялармен алмастыру міндетін қойып отыр.

Қазақстанның энергетика саласының динамикалық дамуы энергетика саласындағы барлық қатысушылардың мүдделерінің тепе – теңдігін қамтамасыз етуі тиіс нормативтік – құқықтық базаны үздіксіз жетілдіріп отыру қажеттігін негіздейді.

Осының барлығы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін одан әрі жетілдірудің осы саладағы іргелі ғылыми зерттеулердің одан әрі жалғастырылуына тәуелді болатынын көрсетеді. Бұдан энергетикалық қатынастар субъектілерінің мүдделер тепе – теңдігін қамтамасыз ету әдістерін іздестіру қажеттігі туындайды, - деп пайымдайды автор.

Соған байланысты энергетика саласының маңызды топтамасы ретінде дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігінің құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу үлкен өзектілікке ие мәселеге айналғаны көрініп тұр.

Диссертациялық зерттеу жұмысының өзектілігі жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және баламалы энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері жан-жақты теориялық деңгейде және осы саладағы тәжірибені зерттеу керектігімен айқындалады.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық зерттеудің авторы қорғауға жеті ғылыми нәтижелерін ұсынады. Жеке атап кетер болсақ

1-нәтиже. Доктриналық және құқықтық көздеріне жасалған талдау энергетикалық құқық, энергетикалық қатынастар және эколого – энергетикалық қауіпсіздік ұғымдарына авторлық анықтама берумен сипатталады. Көрсетілген нәтиже шынайы себебі, көптеген ғылыми еңбектерді талдау арқылы алынған.

2-нәтиже. Диссертацияда дәстүрлі және баламалы энергетиканың дамуы мен пайдаланылуын реттейтін заңнамалардың ұғымдық аппаратына терең талдау жасалынған. Бұл нәтиженің шынайылығы, қолданыстағы заңнамаларды жан-жақты зерттеудің арқасында алынған.

3-нәтиже. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік энергетикалық саясаттың негіздерін қалыптастыратын және экологиялық қауіпсіздік талаптары мен дәстүрлі және жаңартылған энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бірыңғай стратегиялық құжаттың болмауы Қазақстан Республикасының эколого-энергетикалық қауіпсіздігі доктринасын қабылдау қажеттілігін көрсеткен. Ұсынылып отырған нәтиженің шынайылығы теориялық және тәжірибелік құқықтық талдау негізінде алынғандығымен анықталады.

4-нәтиже. Энергия көздерінің алуан түрлілігі мен оларды пайдаланудың ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінен, Қазақстан Республикасының «Жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» заңынан құқықтық көрініс табуы тиіс. Осы мақсатпен Қазақстан заңнамаларын жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастырылғаны көрініп тұр. Нәтиженің

шынайылығы экологиялық және энергетикалық заңнамаларының терең зерттеуімен айқындалады.

5-нәтиже. Автор өзінің заңнамалық және әкімшілік деңгейлерде баламалы энергия көздерін пайдаланатын субъектілерді ынталандыру және тұрақты даму тұжырымдамасын іс-жүзінде жүзеге асыру бойынша мәселелерді неғұрлым нақты шешуге мүмкіндік беретін энергия көздерінің бірыңғай жіктелуін құрастырған. Бұл нәтиже шынайы себебі, осы аядағы көптеген ғылыми көзқарастар мен тұжырымдамаларды зерттеу және талдау негізінде алынған.

6-нәтиже. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында энергетика саласында сандық технологияларды пайдалануды реттейтін нормалар іс жүзінде қолданылмайды. Соған байланысты энергетикалық жүйелер мен энергетика объектілерінің қызмет ету кезінде сандық технологияларды пайдаланудың тәртібін анықтап беретін құқықтық базаны құрастыру ұсынылды. Ұсынылып отырған нәтиже шынайы себебі, Қазақстандағы цифрландыру саясатын жүзеге асыру аясындағы саяси шешімдер мен құқықтық негіздерді зерттеу арқылы алынған.

7-нәтиже. Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергияның алуан түрлілігінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және энергетикалық қатынастарды заңнамалық реттелуін жүйелеуді қамтамасыз ету мақсатымен Қазақстан Республикасының Энергетикалық Кодексін әзірлеу қажеттігін негіздеген. Нәтиженің шынайылығы экологиялық және энергетикалық заңнамаларының терең зерттеуімен айқындалады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияның тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығы жеткілікті түрде теориялық және тәжірибелік құқықтық базасымен, энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелері туралы жазылған бірқатар отандық және ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектерін қолданумен жасалған тұжырымдамалармен, сондай-ақ дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін жетілдіруді айқындайды.

1-нәтиже. Ізденуші энергетикалық құқықтың қалыптасқандығы туралы оның құқық саласы ретінде бар екендігін дәлелдейді. Сонымен қатар, осы құқық саласының пәні ретінде энергетикалық қатынастарды қарастыра отырып авторлық анықтамаларды бере алған.

2-нәтиже. Теориялық талдаудың негізінде диссертант энергетикалық құқықтың кешенді сипатын дәлелдей отырып, энергетикалық құқықтық әдістері мен заңнамаларына, энергетикалық қатынастардың аясына олардың субъектілеріне сипаттама бере отырып, энергетикалық қорларды пайдалану және өндірумен байланысты энергетикалық нарық субъектілерінің экономикалық қызметін жетілдіру жөнінде теориялық тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар білдіре білген.

3-нәтиже. Жұмыстың авторы қазіргі таңда Қазақстан Республикасында мемлекеттік энергетикалық саясатын анықтайтын арнайы стратегия мен «тұжырымдаманың» жоқ екендігін білдіре отырып, өзіндік экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік талаптары мен ережелеріне сәйкес келетін дәстүрлі және жаңартылған энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бірыңғай доктринаның мәтінін әзірлеген.

4-нәтиже. Жұмыстың ерекшелігі Қазақстан Республикасының энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігі туралы заңнаманың қалыптасуына халықаралық және аймақтық Еуразия Одағының мысалында ынтымақтастықтың әсер еткендігін салыстырмалы түрде көрсете білген. Осының негізінде Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңына көптеген жаңа ұғымдар мен терминдер, олардың анықтамаларына авторлық көзқарас білдіре алған.

5-нәтиже. Диссертант энергияның қайнар көздерінің алуан түрлілігін ескере отырып, бірыңғай жіктеу жүйесін ұсына отырып осы саланы мемлекеттік тараптан тиімді басқару үшін теориялық ережелер мен практикалық ұсыныстар бере білген.

6-нәтиже. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында цифрландыру саясаты жан-жақты дамуда. Осыған байланысты диссертант энергетика саласын сандық технологиялар негізінде басқаруды ұсына отырып, қолданыстағы заңнамаларды жетілдіру жөнінде нақты ұсыныстар мен сандық технологияларды пайдаланудың тәртібін анықтайтын құқықтық негіздерді қалыптастыру керектігі дәлелденген.

7-нәтиже. Диссертант энергетика және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету керектігін басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Энергетикалық Кодексін қабылдаудың қажеттігін ескере отырып, оның жобасын ұсынады.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңалық дәрежесі.

Ізденуші жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынылған ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары ғылыми жаңалық ретінде қабылданды. Ұсынылған әрбір ұсыныс ғылыми тұрғыда зерттеліп, зерделеніп, дәлелденіп, практикалық жағдайда пайдалануға ұсынылды.

1-нәтиже – жаңа болып танылады, себебі энергетикалық құқығына және осы сала аясындағы анықтамалар мен терминдерге авторлық түсінік және сипаттама бере алған.

2-нәтиже – жаңа болып танылады, себебі бұл нәтиже терең теориялық талдаудың арқасында энергетикалық қорларды пайдалану және өндірумен байланысты энергетикалық нарық субъектілерінің экономикалық қызметін жетілдіру жөнінде авторлық көзқарасын білдіреді.

3-нәтиже – жаңа болып табылады, себебі мұндай докторина әлі Қазақстанда әзірленбеген. Диссертант өзіндік экологиялық және энергетикалық қауіпсіздік талаптары мен ережелеріне сәйкес келетін дәстүрлі және жаңартылған энергетиканың тепе-теңдігін қамтамасыз ететін бірыңғай Доктринаның мәтінін әзірлей білген.

4-нәтиже – жаңа болып танылады, себебі бұған дейін халықаралық және аймақтық Еуразия Одағының мысалында құқықтық ынтымақтастық салыстырмалы түрде арнайы зерттелмеген етін.

5-нәтиже – жаңа болып танылады, себебі мұндай энергияның қайнар көздерінің жіктеу жүйесі заң әдебиетінде көрініс таппағандығында.

6-нәтиже – жаңа болып табылады, себебі Қазақстанда цифрландыру аясында бұл ұсыныс тұңғыш рет құқықтық тұрғыда дәлелденген.

7-нәтиже – жаңа, себебі Қазақстандағы энергетикалық қатынастардың қазіргі жағдайы Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергияның алуан түрлілігінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету және энергетикалық қатынастардың құқықтық реттелуін жүйелі түрде қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Энергетикалық Кодексін қабылдау қажеттілігін анықтай білген.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Нурекешов Талап Кайратұлының диссертациясы ғылыми зерттеудің логикасына сай орындалған. Барлық алынған нәтижелер ішкі жүйелігімен және бірлігімен сипатталады. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланыста, ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болып келеді. Автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

6. Ізденушінің қол жеткізген нәтижелердің өзекті мәселені, теориялық немесе іргелі міндеттерді шешуге бағытталуы.

Диссертация бойынша ұсынылған тұжырымдар толықтай дәлелденген, автордың ұсыныстары теориялық міндеттерді шешуге бағытталған.

Зерттеу жұмыстары тек теориялық тұрғыда ғана емес, сондай-ақ, тәжірибелік тұрғыда талданып, статистикалық мәліметтермен де тұжырымдалған.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына дәлел ретінде ізденушінің осы ғылыми жұмысты орындау барысындағы жарық көрген келесі еңбектері табылады:

- The Problem of Providing Legal Groundwork for the Balance of Traditional and Alternative Energy Development in the Context of Kazakhstan's Shift to Green

Energy// - Journal of Advanced Research in Law and Economics, University of Craiova, Romania. IX, Issue 5(35), Fall 2018. - P. 1716-1728.

- TO THE QUESTION OF THE CONCEPTUAL DEVICE OF THE LAW OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN "ON SUPPORT OF THE USE OF RENEWABLE ENERGY SOURCES"//Journal ANNOUNCEMENTS OF UNION OF SCIENTISTS – SLIVEN Announcements of Съюзанаучените Union of Scientists Sliven, vol. 33 (1), 2018. - P.143-145.

- «Международно-правовые идеи регулирования энергетических отношений»//Вестник Кыргызского национального университета имени Жусупа Баласагына Ежеквартальный научно-образовательный и информационный журнал Специальный выпуск. (S) – 2019.- С.277-281.

- «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы заңының түсінік аппараты туралы мәселе // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2018.- №4 (62) – 40-43 б.

- История и становление правового регулирования энергетических отношений// Наука и жизнь Казахстана, международный научный журнал. -2019. - №7/1 – С.72-75.

- Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігінің негіз құраушы факторы ретінде // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2019. - №8/3 – 58-61б.

- «Зеленая экономика» и экологическая функция государства // Вестник Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета. – 2018. - № 2 (38). - С.32-35.

- ЕАЭО шеңберінде энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеу // Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университетінің хабаршысы. – 2018 - № 4 (40). – 46-49 б.

- Шет мемлекеттерінің жаңартылатын энергия көздерін пайдалану мен дамыту саласындағы уәкілетті органдарына салыстырмалы құқықтық талдау // Қазақ инновациялық гуманитарлық -заң университетінің хабаршысы. - 2019. - № 1 (41). – 38-41б.

- Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланумен дамыту саласындағы шет мемлекеттердің уәкілетті органдарына салыстырмалы құқықтық талдау // Сборника материалов IV Международной научно-практической конференции «Членство в ВТО: перспективы научных исследований и международного рынка технологий» г. Ванкувер, Канада, 23-25 октября - 2019. – II том. - P.37-42.

- Қазақстан Республикасында эколого – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық реттеу мәселесі // V Международная научно-практическая конференция «Менеджмент качества: поиск и решения» г. Сан-Франциско (Калифорния, США) 27-29 ноября 2019. С. 46-52.

- Қазақстан Республикасында энергетикалық қатынастар саласын қамтамасыз ету мәселелері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі, халықаралық ғылыми журнал. - 2019. – 12/1 - Б. 84-8

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Диссертациялық жұмысында келесі кемшіліктері мен ұсыныстарды атап өту керек:

Біріншіден, диссертациялық зерттеудің тақырыбы Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе-теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері арналғанымен жұмыста дәстүрлі энергетика және баламалы энергетиканың өзара байланысы мен бірі-бірімен қарым-қатынасын көрсете білгенде жұмыстың мазмұны арта түсер еді. Тау-кен кен орындарынан алатын энергия (мұнай, газ, көмір негізінде) және баламалы энергия (күн сәулесі, жел, биоотын және басқа да) Қазақстан Республикасында құқықтық тұрғыдан қандай деңгейде қамтамасыз етілген, қандай ақ таңбалар әлі күнге дейін бар деген мәселелерге жауап беруге мүмкіншілік туғызатын еді. Сонымен қатар, диссертациялық зерттеуде баламалы энергетиканың барлық түрлеріне сипаттама берілмеген, мысалы, атом энергетикасы мен биоотын да баламалы энергетиканың бір түрі.

Екіншіден, жоғарыда айтылған ұсыныстың негізінде энергетикалық құқықтың тау-кен, мұнай және газ құқықтары мен өзара байланысы мен қарым-қатынасын анықтауға жағдай туғызатын еді. Жұмыстың авторы энергетикалық құқықтың анықтамасын бере отырып, оның құрамдас бөліктерінің жекелеген институттарын сипаттағанда, жұмыстың мазмұны ұтымды болатын еді.

Үшіншіден, диссертант Қазақстан Республикасының Су Кодексіне көптеген өзгерістерді ұсына білген. Сонымен қатар, гидроэнергетиканың құқықтық жағдайына жанама түрде сипаттама берген. Біздің ойымызша, осы мәселеге диссертацияда арнайы түрде тоқтау қажет еді.

Төртіншіден, диссертацияда энергетикалық доктрина ұсынылған. Біздің ойымызша, оның құрамдас бөлігі ретінде осы салаға кадрлық қамтамасыз ету мәселесі шешілу қажеттілігі орын алады. Егер диссертант осы мәселеге де өзінің көзқарасын білдіргенде, жұмыстың маңыздылығы арта түсер еді.

Жоғарыда көрсетілген ескертулер мен ұсыныстар талқылауға жататын және ұсыныс синатында қарастыруға болады, сондықтан автордың диссертациялық жұмыстың маңыздылығына әсер етпейді.

9. Диссертацияның «ғылыми дәрежелер беру ережелерінде» қойылған талаптарға сәйкес келуі.

Диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі 2011 жылғы 31 наурызындағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген «Дәрежелерді беру ережесі» талаптарына және ғылыми мамандық наснортына сәйкес келеді.

Диссертация Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін жетілдіруге бағытталған жаңа,ғылыми негізделген ұсыныстарын, қорытындыларын,теориялық және тәжірибелік нәтижелерін қамтитын кешенді зерттеу жұмысы болып табылады.

Нурекешов Талап Кайратович «Қазақстан Республикасының жасыл экономикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбына жазылған диссертациясы жоғары ғылыми бағалануға, сондай-ақ оның авторы «6D030100 – құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық.

Ресми рецензент:
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, заң ғылымдарының докторы

Л.К. Еркінбаева

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым кадрларын
даярлау және аттестаттау басқармасының басшысы
ЗАБЕРЯЮ
Назарлық управления подготовки и аттестации
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова

«13» 2019 жыл

